

Алматы қаласын 2022 жылғы қысқы XXIV Олимпиада және XIII Паралимпиада ойындарын өткізетін орын ретінде ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 188-өкiмi

Алматы қаласын 2022 жылғы қысқы XXIV Олимпиада және XIII Паралимпиада ойындарын өткізетін орын ретінде ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Е с е н т а е в Тастанбек Құтжанұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің төрағасы, жетекші
Қ а н а ғ а т о в Елсияр Баймұхамедұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары
Д о с ы м б е т о в Тимур Қамалұлы	-	Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетінің Бас хатшысы, жетекшінің орынбасары (келісім бойынша)
Ж а р а с б а е в Серік Маратұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві департаментінің директоры, хатшы
Ж о ш ы б а е в Рәпіл Сейітханұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары
А м а н ж о л о в а Зәуреш Жұманәліқызы	-	Алматы қаласы әкімінің орынбасары
К ә л е т а е в Дархан Аманұлы	-	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)
Ж а н п е й і с о в Қайыргелді Мәсіғұтұлы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының директоры
С м и р н о в Владимир Михайлович	-	Қазақстан Республикасы шаңғы спорт түрлері қауымдастығының бірінші вице-президенті, олимпиада чемпионы
Ж ү с і п о в а Әлия Мақсұтқызы	-	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының көркем гимнастикадан бас жаттықтырушысы, азия чемпионы
Х а й д а р о в Хайырболат Саламатұлы	-	Алматы қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы

2. Жұмыс тобы 2014 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Алматы қаласын 2022 жылғы қысқы XXIV Олимпиада және XIII Паралимпиада ойындарын өткізетін орын ретінде ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының

Ү к і м е т і н е

е н г і з с і н .

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК